

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мемлекеттік рәміздерге құрмет - елге міндет

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.06.2025СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/180450/

Автор: Садырқан Дана

Мемлекеттік рәміздерге құрмет - елге міндет

Мемлекеттің белгісі - рәміздер. Ал рәміздерге құрмет - борышымыз. Еліміздің жарқын болашағы өзімізге деген құрметтен басталады. 4 маусым - рәміздер күні. Бұл күні ел құндылығын дәріптеп, мерейімізді асқақтату мақсатында іс шаралар өтеді. Көк байрағымыз Қазақстаннан бөлек, өзге елдің төрінде биіктен көрініп, әлдилеген әнұранымыз шырқалса көкірегімізде мақтаныш сезім мен ерекше қобалжу болатыны сөзсіз.

Өкінішке қарай, бүгінгі қазақ азаматтарының арасында рәміздерге құрметсіздікпен қарау байқалады. Бұл, әуелі, тарихи және мәдени білімнің жетіспеушілігі салдарынан деп ұғынамыз. Өйткені мемлекеттік рәміздер елдің тарихымен, мәдениетімен және ұлттық болмысымен тікелей байланысты. Кейбір қазақ жастары халық тарихы мен мемлекеттік рәміздердің маңызын толық түсінбеуі мүмкін. Ал бұл өз кезегінде білім беру жүйесіндегі олқылықтардан туындайтыны анық. Сондай-ақ, қазіргі таңда жастардың басым бөлігі өзге елдің мәдениетіне қызығып, өз елінің рәміздеріне немқұрайлылықпен қарайды. Енді бір жағынан, әлеуметтік желілер мен ғаламтор кеңістігі арқылы жаһандық мәдениеттің ықпалы күшейіп, жастардың патриоттық сезімі екінші орынға ығысуы да мүмкін.

Қазақ жастарының мемлекеттік рәміздерге деген құрметі елдің болашағы үшін маңызды. Егер мемлекет пен қоғам бірлесе отырып бұл бағытта жұмыс істесе, жастардың патриоттық сезімі нығайып, мемлекеттік рәміздерге деген құрмет жоғарылай түсетіні анық.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы - ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көк түсті байрақ. Қыран біздің еркін екенімізді бейнелеп тұрған секілді. Ал күніміз әрқашан шуақты шырайлы ел екеніміздің белгісі. Ең қызығы, Қазақстан туы ғарышта жерді 150-ден астам мәрте айналып шыққан деген дерек бар.

Әнұранның да өзіндік бір ерекшелігі бар. Мемлекеттік рәміздердің ішіндегі туға жай

ғана көк мата, ал әнұранға жай әуен деп қарауға болмайтынын әр еліміздің азаматы қаперінде ұстауы тиіс деп білемін. Өйткені рәміздерге деген құрмет – өз еліңе, өзіңе деген құрмет пен сыйластық. Мемлекеттік рәміздер – елдігіміз бен тәуелсіздігіміздің айқын белгісі.

Риза САПАРҚЫЗЫ

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.